

ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН

Смағұл СӘДУАҚАСОВ: “Қазақ Халқын Тек Ленинизмге Сүйеніп Басқаруға Болмайды”

Идеология – байсалды мінезге, пайымды пікірге, тұрақты көзқарасқа ие тұлғаларды да жол айырығында әнтек аттатып, бұрыс бастырып жібереді. Егерде сол идеология қандай да бір кек пен өштіктің, қарымта қайырудың қаруына айналса – қасірет. Ал ХХ ғасырдың отызыншы жылдары таптық тартыстың “жауынгерлік құралына” айналған кеңестік идеология мыңның емес, миллионның тағдырын талқыға салды. Соның ішінде қазақ ұлтының сана мәйегі іріп тынды. Қазақтың көшпелі экономикалық қарым-қатынасы бұзылып, шаруашылығының шаңырағы ортасына түсті. Ұлттық емес, кәдімгі мемлекеттік мүдденің өзі “жалаң айғайдың” құрбандығына шалынып, талан-таражға салынды. Ақырында бұл жанығу Қазақ елін орны толмас қасіретке душар етті.

Сөйтіп, қазақ жұртын 1931-1932 жылғы ашаршылыққа алып келді. Қазақ мемлекетінің апатқа бет алғанын аңғарған Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Жалау Мыңбаев, Нығымет Нұрмақов, Ораз Жандосов іспетті қайсар қайраткерлер екі-үш жыл қасарыса күресті. Бірақ та Қужақ (Голощекин) өзінің көбіқауыз әккілігін пайдаланып, қазақ зиялыларының арасына сезік пен секем септі. Оларға тыңшылық әрекет арқылы іштен ыдыратып, ойсырата соққы берілді. Үш жылдың орайында шын мағынасындағы ұлт көсемдерінің – “Алашорда” қайраткерлерінің бірі қалмай қамауға алынды. Халық қамын ойлайтын қатардағы зиялылар қудаланды. Сөйтіп, ұлттық діл мен мәдениеттің тамырына балта шабылды. “Партия құрылымының 10 жылдығы” атты баяндамасында Голощекин “Алашорда” қайраткерлерінің қақпанға түскенін: “Жолдастар, менің сіздерге жариялайын деп отырған деректерім – қазір көзі жойылған “Байтұрсыновтың контрреволюциялық ұйымының” тергеуінде ұлтшылдардың өзі берген куәлігі.

Сондай-ақ, дәл осы күндері Тынышбаевтың, Ермаков пен Досмұхамедовтердің, тағы да бір контрреволюциялық-ұлтшыл ұйымының тамырына балта шабылуда”, – деп ерекше мақтанышпен мәлімдеді. Қужақ түрмедегі жауаптарды өзінің пайдасына қарай бейімдеп, күдіксіз нәрседен күдік тудырды. Идеологияның басты қаруы – сөз. Өкінішке қарай, қазақтың өз арасынан шыққан, ұлтының мүддесінен, жеке басының намысынан, ұрпақ алдындағы парызынан лауазым мен марапатты жоғары қойған можантопай, қолтоқпақ, иісалмастардың желіктіруінің кесірінен “Қужақтың” жағы сембеді. Ақыл-ой шалығына ұшырағандарға ғана тән, жүйкенді шүйкелейтін мұндай көпірмелерге “Голощекиннің меншікті националдары” (С.Сәдуақасов) ұйымдастырған “ұзаққа созылған қызу қол шапалақтаулар” ретті-ретсіз дамылсыз соғылып, оны дәміл-дәміл шабыттандырып отырды. Даурыға, шаптыға сөйлеген мемлекет басшысы жарты күн мінбеге мініп, бурадай шабынып тұруды әдетке айналдырды. Бұған Смағұл Сәдуақасовтың: “Голощекин жолдас жеті сағаттан артық сөз сөйлеп, осы уақыттың қак

жартысында мені сөз ғып, мені кінәлап өтті. Маған таққан кінәларының өзін ғана санап шығуға регламент бойынша маған берілген уақыт жететін емес”, – деген уәжі дәлел. Голощекиннің де, оның “меншікті националдарының” да бұлай көпірмеске амалы да жоқ болатын. Өйткені Қазақстанға кезекті “волонтерін” жіберген сайын Сталиннің өзі: “Қазақ большевиктерінің кезекті міндеттерінің бірі – ұлыорыстық шовинизммен күресе отырып, барлық күш-қуатты қазақ ұлтшылдығы мен соған бейімделушілерге қарсы күреске жұмылдыру болып табылады. Онсыз Қазақстанда лениндік интернационализмді ұстап тұру мүмкін емес”, – деп (Алаш қозғалысы, 4-том, 442-бет) нұсқау беріп отырған. Осы нұсқаудағы ұлтшылдарды тауып, оны әшкерелеу жолында жан алып, жанын берген Голощекин: “Тартыстың түп тамыры – интернационалистер мен ұлтшылдардың арасындағы күрес. Қазақ арасындағы топшылдық бөлініс 1920 жылдан, “алаштықтар” партияға кіре бастаған кезден басталды.

Бөліну – қазақ партия ұйымы мен кеңестің алғашқы іргетасын қалаған “кәрі коммунистермен”, 1919-1920 жылдары Меңдешевтің маңына топтасқан коммунистерді айтып отырмын, олардың арасына сынаша қағылып кірген М.Әуезов, С.Сәдуақасов бастатқан интеллигенция өкілдерінің, сондай-ақ Бөкейхановтың арқасында қалқаланып тұрған осы арада отырған жастардың, олардың аттарын атамай-ақ қояйын, арасында басталды”, – деп (сонда, 284-бет) қазақ зиялыларын “щиналарға” бөліп, “іріктеп берді”. Мемлекеттік саясат пен үкімет билігі бір адамның құзырында болды. Кешегі қабылданған қаулы – бүгін, бүгін қабылданған шешім – ертең бұзылып отырды.

Ал келешекті ойлаған кемел тұлғалар тұншықтырылды. Көзқарасы – қондырғы насихаттан аспаған, өз сөздерімен айтсақ, “революция үшін қазақ халқын құрбандыққа шалуға даяр” С.Меңдешев, О.Исаев, І.Құрамысов, Ұ.Құлымбетов, Ғ.Тоғжанов, І.Қабылов, Е.Ерназаров сияқты “солшылдардың социализмдегі балалық ауруын” “мерзімдік көсемнің” бірі Г.Зиновьев: “Солшылдар – ұлт мәселесіне терең бара алмайды, оны тым жадағай түсінеді, соның салдарынан ұлт мәселесінің мәнін жоққа шығарып алғанын өздері де түсінбейтіндер. Олар өздерін ұлттық (национал) өкілдерміз деп барынша даурығып жүріп, ұлт мүддесін құрбандыққа шалып жіберетіндер. Олардың қауіптілігі, міне, осында”, – деп дәл басып, атап көрсетті. Ы.Мұстамбаевтің: “Голощекиннің көпірме сөзімен коммунизм құра алмайсың”, – деген уытты сөзі де сол тұста айтылды. Расында да Голощекиннің “көсем сөздерінің” пәтуасы болмады.

Бұрын тұрақты түрде “жасасындатып!” жүргендердің өзі бірде “жасасындатып”, бірде “жасасындата” алмай, бағдардан айырылып қалды. Мысалы, 1925 жылдың аяғында өткен V Қазақ өлкелік партия конференциясында: жерге ең алдымен байырғы халықты орналастыру туралы қаулы қабылданды. Алайда араға екі ай өткізбей, 1926 жылы 26 ақпанда сол қаулыны жоққа шығарған тағы да бір арнаулы қаулы қабылданды. VI өлкелік партконференцияда Голощекин жерді таптық тұрғыдан бөлу саясатын ұсынды. Сөйтіп, “Ұлттардың өзін өзі билеу туралы декларацияда” жария етілген Ресейдегі аз ұлттардың жері, нақтырақ айтсақ, қазақ жері – қазаққа қайтпай қалды. Біртұтас алаш идеясының ең талмауытты нысанасының ұйытқысы: “Жер, жер және жер. Жер – Отан. Ал отанды сатуға да, меншіктеуге де, жатқа жалдауға да болмайды”, – деген ұлы мақсат алаш ұранды азаматтардың өзегін өртеген күйінді мәселе күйінде қалды. Күйінетін жөндері бар еді. Оларды күйіндірген С.Сәдуақасовтың пайымдауынша: “Патша өкіметінің соңғы кезеңінің құдіретті бюрократы Столыпиннің өзі Қазақстан туралы: “Қырғыздарды (қазақтарды – Т.Ж.) жерге орналастыруды емес, қырғыз даласы (қазақ даласы – Т.Ж.) туралы ойлау керек, тұтастың мүддесі бөлшектердің мүдделерінен маңыздырақ (Столыпин мен Кривошейннің жазбалары. “По ту сторону Урала”, СПб, 1911 жыл)”, – деген “Ұлттар мен националдар туралы” сөзі еді. Уақытша үкіметтің премьер-министрі Керенский де “қас дұшпанының сөзінен” алыс кеткен жоқ, ол өзінің мемлекеттік Думада сөйлеген сөзінде: “Түркістан мен дала облыстары Тула немесе Тамбов облыстары емес. Ағылшындар немесе француздар өздерінің отарларына қалай қараса, біз де оларға солай қарауымыз керек”, – деп мәлімдеме жасады.

С.Сәдуақасовтың пікірінше, “ең әділетті, езілген ұлттарға қамқоршы” өкіметтің ең озық интернационалисі, ең үздік экономисі, Троцкий мен Бухариннен кейінгі Сталиннің ең басты қауіптенген қайраткері “...Рыков жолдастың өзі партияның XV съезіндегі баяндамасында: “Қоныс аудару жөніндегі жұмыстарды одан әрі күшейту қажет, ол ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін көтеруге көмектеседі, шаруалардың кедей және табысы аз топтарының жағдайын түзетеді, сөйтіп “аграрлық жағынан артық қоныстануды” азайтуға ықпал етеді”, – деп Столыпіннің реакциялық жоспарын “тірілтті”. Рыков та бұл мақсатына жете алмай желкесі қиылды. Қытай Компартиясы саяси бюросының мүшесі, Орталық Комитеттің төрағасы Лю Шао Ци 1949 жылы маусым айынан тамыз айына дейін құпия түрде Мәскеуде болды.

Сол кездесуде Сталин: “Синьцзянды басып алуда жайбасарлыққа салынуға болмайды. Өйткені жайбасарлық ағылшындардың Синьцзянға сіңе кіруіне жағдай жасауы мүмкін. Олар коммунистерге қарсы азамат соғысын әрі қарай жалғастыра беру мақсатында мұсылмандарды, тіпті, үндістерді де қозғауы ықтимал. Оны былай қойғанда, Синьцзянда Қытайға шұғыл қажетті мұнай мен мақтаның мол қоры бар. Қытайлар Синьцзянда жан санының әрең 5%-ын иелейді екен. Синьцзянды алғаннан кейін, ондағы қытай тұрғындарының санын 30%-ға дейін арттыру ләзім. Қытай тұрғындарын көшіріп келу – осынау кең-байтақ қазыналы өлкеге жан-жақтылы иелік ету және Қытай шекарасын өнімді қорғау үшін керек...”

Өздеріңіз Ма Буфанның күшін мөлшерлеп көрдіңіздер ме, онда артиллериямен жабдықталған атты әскерлер баршылық. Егер сіздер қаласаңыздар, біз оның осы атты әскерлерін тез арада талқандап, тоз-тоз ғып жіберетін 40 истребитель (қуа сокқылаушы ұшақ) берейік”, – деп (С.Рахметұлы. Шығыс Түркістан және Монғолиядағы ұлт-азаттық қозғалысы. А. 2009) ұсыныс жасады. Ол ұсыныс орындалды да. Шығыс Түркістанның байлығын өстіп шотқа қағып отырған Сталин Қазақстанды қалай уыстан шығарсын. Оның мақсаты Қазақстандағы орыстардың санын: “1912 жылы қасиетті Синодтың жоспары бойынша, әрбір қазаққа екі қоныстанушыдан келсін”, – деген (М.Есполов, “Алашорда қозғалысы”, 2 том, 223-бет) межеге жеткізу.

Яғни, екі қарашекпенге бір қазақтан келтіріп, шоқындыруға дайындау болатын. Сталиннің бұл ойын көзі тірісінде емес, оның көзі солғанда Хрушев жүзеге асырды. Осындай қастаншықпағыр саясатқа келіспеген Смағұл Сәдуақасовтың қызметтен босату туралы өтініші талқыланғанда, жаңадан сайланған екінші хатшы І.Құрамысов: “Біз Ильичсіз өмір сүріп келеміз, Сәдуақасовсыз да өмір сүре аламыз”, – деді. Ал Голощекин әдеттегідей көбіқауызданып кетіп, С.Сейфуллиннің “Төбет” туралы өлеңіндегі теңеуге жүгініп: “...біздің байларымыз бен буржуазиялық интеллигенцияның ұлтшылдығы қандай момын. Шетінен мұттайым. Қараңыздаршы, Қазан төңкерісінің алдындағы ұлтшыл күшік Қазан төңкерісінен соң қандай төбет боп жетілді десеңші!”, – деп лепірді.

Өкінішке қарай оның жаңадан тағайындаған “голощекиндік националдарды” таныстырып тұрып: “...Мен, біз – бәріміз бұл мәселеде қателесек, онда Қазақстанның бақытсыздыққа ұшырағаны”, – деген сандырағы дәл келді. Олар – Ильичсіз, Сәдуақасовсыз және “төбеттерсіз” елді басқара алмады, ақыры қазақ халқын бақытсыздыққа ұрындырып тынды. Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев іріктеген бұл сілтемелер олардың саяси сұлдерін, портретін емес, сұлдері мен сықпытын анық танытады.

С.Сәдуақасовтың Ғ.Тоғжановқа: “Тек қана ленинизмге сүйеніп қазақ халқын басқаруға болмайды”, – деген пікірі өмірлік шындықтың тарихи заңдылығын дәлелдеді. Иә, пайғамбардың ақ жолы мен Ильичтің сара жолы еш қабыспайтын. Тіпті “Ленин жолының” өзі тұйыққа тіреліп, ақыры “грузиннің сүзеген князі” (С.Қожанов) олардың барлығын Кремльден мүйізді еп шығарды.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ
филология ғылымдарының докторы, профессор.